# Оғыз мемлекеті



# Оғыз мемлекеті

(9 ғасырдың соңы—11 ғасырдың ортасы). 9 ғасырдың ортасында Сырдарияның орта және төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз тайпаларының саяси бірлестігі құрылды.

**Оғыз сөзінің мағынасы**:

- "уыз"
- "садақтың оғы"
- "өгіз"

# Оғыз

Оғыз мемлекетінің негізін қалаған-**Оғыз**

Билік иесі-**Жабғу**

Жабғу әйелдеріне **қатын** деген атақ берілген

Мұрагерлер-**Инал**

Әскербасы-**сюбашы**

Иналдарды **атабектер** тәрбиелеген.

Жабғу кеңесшілері-**Күл-еркіндер**

Ұлы құрылтайда қаған өзінің ұлдарын **боз оқ** деп оң жағына,**үш оқ** деп сол жағына отырғызған.

# Оғыз мемлекеті

**Деректер:**

*а) Орыс шежірелері 985ж. Владимир князьдің оғыздармен одақтаса отырып, бұлғарларға жорық жасағаны туралы айтады.*

*б) Махмуд Қашғари, Марвази енбектерінде, оғыздарға жататын руларды атап кеткен: қынық, баят, язғыр, имур, қарабулақ, тутырка, т.б.*

*г) Махмуд Қашғари оғыздар алғашында 24 тайпадан құралған дейді.*

**орталығы**

**Янгикент**

**Сыртқы саясаты**

*а) 965 ж. оғыз жабғуы мен Киев князы Святославтың арасында Хазар қағанатына қарсы соғыс одағы жасалынып, мұның нәтижесінде Хазар қағанаты талқандалды.*

*б) X-ғас. аяғында оғыз жабғуы орыс князьдарымен біріге отырып, Еділ Бұлғариясын күйрете жеңді.*

*в) Ә ли-хан, Шахмәліктің тұсында мемлекет күшейіп, 1041ж. оғыздар Хорезмді жаулап алды.*

*г) Оғыз мемлекеті қыпшақ тайпаларының соққыларынан XI-ғас. басында құлады.*

қынық

баят

имур

## Оғыздарға жататын рулар

**Махмуд Қашқари** оғыздар алғашында 24 тайпадан құралған дейді. Алайда неғұрлым кейінгі авторлар оның ішінде Марвази оғыздардың 12 тайпасы жөнінде ғана айтады.

карабулак

тутырка

язғыр

***Діні***

***Пұтқа табыну, шаманизм, кейінірек ислам***

**Оғыз мемлекеті**

Басқарушылардың ұрпақтары-**иналдар**. Оларды **атабектер (тәрбиешілер)**

***Оғыз мемлекетінің қоныстанған жерлері.***

***Батыста Хазарияға дейінгі жер, солтүстік Каспий маңы, орталық, оңтүстік-шығыс Қарақұм және Арал маңындағы Қызылқұм аймағы***

# Оғыздар шаруашылығы

ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫҚШЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӘСІПШІЛІК ПЕН ҚОЛӨНЕР

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ ҰСТАҒАН. ҚАРАКӨЛ ҚОЙЫН, АЙЫР ӨРКЕШТІ ІРІ ТҮЙЕ ТҰҚЫМЫН КӨП ӨСІРГЕН

СУАРМАЛЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСҚАН. АРЫҚ-ТОҒАНДАР ҚАЗҒАН

МАЛ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРГЕН. ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ, ҚАРУ-ЖАРАҚ, ТҰРМЫСҚА ҚАЖЕТТІ БҰЙЫМДАР ЖАСАҒАН

# Мәдениеті

Қалалардағы үйлер көбіне тастан, ағаштан, қамыстан тұрғызылды. Оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысында Жанкент, Жент, Жуара, ал Сырдарияның орта ағысында Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақ және Сауран т. б. қалалары болған. Оларда қолөнер кәсібі, соның ішінде мал өнімдері мен шикізаттарды өңдеу дамыды. Оғыздарда құмырашылық өндірісі де өркендеді. Олар мекендейтін аумақтарда темір, күміс, алтын, мыс және асыл тастар өндірілді.





**«Оғыз қаған жыры»**

**Оғызнама** – түркі халықтарының ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде баяндайтын эпостық дастан.

Шығарма алғаш ауызша туындап, бертін келе қағазға түсірілген. «Оғызнаманың» екі нұсқасы бар: *бірі – көне ұйғыр әрпімен* 13 – 14 ғасырларда көшірілген, ПариждінҰлттық кітапханасында сақтаулы. Оның көлемі небәрі 42 бет, әр беті 9 жолдан ғана тұрады. Бұл нұсқаны алғаш В.В. Радлов орыс тіліне аударған. Кейін А.М. Щербак тілдік тұрғыдан зерттеп, ғылыми түсініктерін жаза отырып, қайта аударған, ол қолжазбаны түпнұсқа деп танымай, оның көшірмесі деген пікірге келген. Екіншісі – *араб әрпімен жазылған*, тарихшы, Хиуа ханы Әбілғазы нұсқасы.



# Қимақ қағанаты



# ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (IX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

| | |
|---|---|
| **Саяси тарихы** | **IX ғасырдың соңында қимақ тайпасының атымен Қимақ қағанаты құрылды.** |
| | 10 ғасырдың басында қимақтар тоғыз-ғұздардың шекаралық қаласы Жамлекесті жаулап алды. Қимақтар Енисей бойындағы қырғыздарға да шабуылдап тұрған. |
| | Қимақтарға 10 ғасырдың екінші жартысында Қарахан мемлекеті шабуылдай бастады. Қарахандықтардың жорықтары 11 ғасырда жиілей түскен. Осы жорықтардың әсерінен Қимақ қағанаты әлсіреп, ыдырай бастады. |
| | Қимақ қағанатының құлауының екі себебі болған.<br>➢ Біріншісі-қыпшақ тайпасы көсемдерінің билік үшін таласуы.<br>➢ Екіншісі-сыртқы қайшылық. |
| **Астанасы** | Орталығы-Имақия, екінші астанасы Алакөл жағасындағы Карантия болды |
| **Территориясы** | Қағанат Қазақстанның солтүстік-шығыс, орталық аймақтарын алып жатты. |
| **Шаруашылығы Мәдениеті** | Қимақтарда мал шаруашылығы басым болды. Махмуд Қашғаридің дерегі бойынша, малдан айрылғандар жатаққа айналып, қолөнер мен балық аулауды кәсіп еткен. Қола айнадағы жазулар 9-10 ғасырларда қимақтардың ежелгі түрік жазуымен жазғанын көрсетеді. Қимақ шонжарлары 10 ғасырда ислам дінін қабылдай бастады. |
| **Этникалық құрамы** | Парсы тарихшысы Гардизи қимақтар құрамында жеті тайпа болғандығын жазған. Олар: эймур, байандур, татар, ланиказ, ажлар, имек, қыпшақ. Ең атақтылары- қимақтар мен қыпшақтар. |

# Қимақтар құрамы

Орта ғасырдағы парсы тарихшысы Гардизи қимақ елінің құрамында 7 тайпа болғандығын жазған олардың ішінде ең атақтылары **қимақтар** мен **қыпшақтар**.

**Қимақтар**

- **Эймур**
- **байандур**
- **татар**
- **ланиқаз**
- **ажларлар**
- **Имек (қимақ)**
- **қыпшақ**

# ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (IX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)



# Мәдениеті

**Материалдық мәдениеті**

| | |
|---|---|
| | |
| | Киім түрлері,қару-жарақ,құрал-сайман, үй-жай т.б |

**Рухани мәдеиеті**

| | |
|---|---|
| | |
| | Қимақ тайпасы басқа да түрік тілдес тайпалар сияқты о дүниедегі өмірге сеніп,ата-баба аруағына сыйынған. Тәңірге табыну белгілері де сақталған.Зираттардан табылған қола айнадағы жазулар 9-10 ғасырларда қимақтардың қимақтардың ежелгі түрік жазуымен жазғанын көрсетеді |





# Назарларыңызға рахмет !

